

«Веренка ЖНББМ» КММ

2023-2024 оқу жылына арналған
Дебат клубының жылдық есебі

Жетекшісі: Аманкосов А.Ж.

2023-2024 оқу жылы

«Веренка ЖНББМ» КММ 2023-2024 ж.ж. «Жалын» дебаттық клубының жылдық есебі.

Мақсаты:

Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;

Талантты жастарды ынталандыру;

Мектеп оқушылары арасында сын тұрғысынан ойлауын дамыту; Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрметтеп, мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Оқушылардың жауапкершілігің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу. Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз кнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу. Оқушының өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай бәлуге үйрету.

Жоспар бойынша клуб мүшелерімен ақпан айында **Жастарды желіктірген «Тик-Ток»** тақырыбында пікірталас өткізілсе, наурыз айында **«Адамгершілік асыл қасиет»** тақырыбында пікір сайыс өтті. Сәуір айында **«Мектеп фракциалыры»** мектепішілік турнирдің ережесі құрылып, **«Жалын»** дебат клуб мүшелеріне турнирдің мақсаты түсіндірілді. Мамыр айында жоспарға сәйкес **«Жалын»** дебат клуб мүшелерімен **«Тәуеліздік бар бақыттың бастауы»** тақырыбында пікірталас өткізілді Қыркүйек айында **«Жалын»** клубы мүшелері арасында мектепішілік дебат турнирі өткізілді. Дебат Америкалық форматта жақтаушы және даттаушы топтарда 2спикерден болды. Пікірсайыста қаралған қарар: **«Дебат-сөз бен ойдың негізі»** тақырыбында болды.

Мақсаты: оқушылардың **«Дебат-сөз бен ойдың негізі»** деген көкқарасын қалыптастыру, дуниетанымын кеңейту, тыңдау, тапқыр ойлау, жүйелі сөйлеу қабілеттерін шыңдау. Тақырып қызу талқыланып, оппозиция тарапынан дәлел ретінде аргументтер көп келтірілді және жақтаушы топтың сөйлеу мәнері ерекше болды және ой еркіндігі байқалды. Екі жақта өз позициясын сақтап қалды.

Дебат турнирінің мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; облыстық пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

Қазан айында **«Сыбайлас жемқорлық-ғасыр дерті»** тақырыбымен дебат өткізіліп, мақсаты **«Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.** Дебатта үкімет палатасы мен оппозиция болып екіге белінді.Екі топта өз позициясын ұстанды.